



**Философия ғылымдарының докторы, профессор  
АЛТАЕВ ЖАҚЫПБЕК АЛТАЙҰЛЫНЫҢ  
70 жылдық мерейтойына арналған  
«ӘЛ-ФАРАБИ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ФИЛОСОФИЯСЫ,  
МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨРКЕНИЕТІНДЕ»  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**СБОРНИК  
международной научно-практической конференции  
«АЛЬ-ФАРАБИ В КАЗАХСКОЙ И МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,  
КУЛЬТУРЕ, ЦИВИЛИЗАЦИИ»  
посвященной 70-летию профессора,  
доктора философских наук  
АЛТАЕВА ЖАКИПБЕКА АЛТАЕВИЧА**

**MATERIALS  
The International scientific and practical conference  
«AL-FARABI IN THE KAZAKH AND WORLD  
OF PHILOSOPHY, CULTURE, CIVILIZATION»  
Devoted to the 70<sup>th</sup> anniversary of doctor of philosophy  
sciences, professor  
ZHAKYRBЕК ALTAEV**



**Жауапты редактор:**  
Әсет Құранбек

**Редакция алқасы:**  
Шаттық Әлиев, Самат Қайратұлы, Жұлдыз Аликбаева

**Әл-Фараби** қазақ және әлем философиясы, мәдениеті мен өркениетінде: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 20 сәуір 2018 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 364 б.  
**ISBN 978-601-04-3377-9**

Еңбекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті, философия кафедрасы мен әл-Фараби орталығы ұйымдастырған «Әл-Фараби қазақ және әлем философиясы, мәдениеті мен өркениетінде» атты философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың 70 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинақталған. Жинақ студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларына және көпшілік оқырман қауымның назарына ұсынылады.

ISBN 978-601-04-3377-9

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018



**II СЕКЦИЯ**  
**ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІГІ**  
**СОЦИАЛЬНАЯ, КУЛЬТУРНАЯ И РЕЛИГИОЗНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ ТЮРКСКОГО МИРА**  
**THE SOCIAL, CULTURAL AND RELIGIOUS IDENTITY OF THE TURKIC WORLD**

<b>Карипбаев Б.И.</b> КУЛЬТУРНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ ТРАНСФОРМИРУЮЩЕГОСЯ КАЗАХСТАНА (К ВОПРОСУ О МЕТОДОЛОГИИ).....	70
<b>Karabayeva A.G., Ismagambetova Z.N.</b> THE VALUES, NORMS AND PRINCIPLES OF TOLERANCE IN THE CONTEMPORARY EDUCATIONAL PROCESS.....	73
<b>Байтенова Н.Ж., Туғанбаев Қ.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПОСТСЕКУЛЯРЛЫ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛ.....	76
<b>Барлыбаева Г.Г.</b> ТЮРКСКАЯ ФИЛОСОФИЯ КАК ДУХОВНЫЙ ИСТОК КАЗАХСКОЙ ЭТИЧЕСКОЙ МЫСЛИ.....	79
<b>Муминова Ф.</b> ТЮРКСКАЯ ПИСЬМЕННАЯ КУЛЬТУРА.....	83
<b>Бейсенов Б.Қ., Игисенова А.Р.</b> ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚЫТАЙДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ҚАТЫНАСЫ.....	87
<b>Рыскиева А.Ә.</b> ТӘНІРШІЛДІК – ТҮРІК РУХАНИЛЫҒЫНЫҢ РӘМІЗДІК КОДЫ.....	94
<b>Сатершинов Б.М., Бектенова М.К.</b> ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ АЯСЫНДАҒЫ ИСЛАМИ БІРЕГЕЙЛІК.....	98
<b>Бекбосынова Ж.Б.</b> РЕЛИГИЯ И МЫ.....	101
<b>Өмірбекова Ә.Ө.</b> А.Х. ҚАСЫМЖАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРКІ ДАНАЛЫҒЫ.....	104
<b>Ашилова М.С., Бегалинова К.К.</b> ОСОБЕННОСТИ ДУХОВНО-КУЛЬТУРНОЙ ОБСТАНОВКИ НАКАНУНЕ ВОЗНИКНОВЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА.....	107
<b>Кокумбаева Б.Д., Бегалинова К.К.</b> О НЕКОТОРЫХ ОСОБЕННОСТЯХ УСТНО-АКУСТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ТЮРКСКОГО НАРОДА.....	111
<b>Джуманова Г.Ж.</b> ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ РЕЛИГИИ И ОБРАЗОВАНИЯ В СВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ.....	115
<b>Насимов М.Ө.</b> ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАР.....	119
<b>Абдрасилов Т.Қ., Қалдыбай Қ.Қ., Абдрасилов Б.Қ.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРОТЕСТАНТИЗМ АҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІГІ.....	123
<b>Жаңабаева Р.А.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ.....	125
<b>Kaldybay K., Abdrassilov T., Abdrassilov B.K.</b> EXTREMISM – AS A THREAT TO THE NATIONAL SECURITY OF KAZAKHSTAN.....	130
<b>Эшиев А.К.</b> ОСОБЕННОСТИ ФЕНОМЕНА МАСКУЛИННОСТИ В ТРАДИЦИОННОЙ КЫРГЫЗСКОЙ КУЛЬТУРЕ.....	133
<b>Эдилова М.М.</b> ГЕНДЕРНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ И ГЕНДЕРНАЯ СОЦИАЛИЗАЦИЯ (НА ПРИМЕРЕ КЫРГЫЗСТАНА).....	140

**III СЕКЦИЯ**  
**ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ: БАСТАУЛАРЫ – ДӘСТҮРЛЕРІ – БОЛАШАҒЫ**  
**КАЗАХСКАЯ ФИЛОСОФИЯ: ИСТОКИ – ТРАДИЦИИ – ПЕРСПЕКТИВЫ**  
**THE KAZAKH PHILOSOPHY: ITS ROOTS, TRADITIONS AND FUTUR**

<b>Алтаев Ж.А.</b> ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ МЕКТЕБІ.....	144
<b>Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е.</b> ҰЛТТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ӘЛЕМІН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	148
<b>Gabitov T.N., Alikbayeva M.B., Omirbekova A.O.</b> SEMANTICS OF TRADITIONAL CLOTHES OF KAZAKH WOMANS.....	152



5. Орынбеков М.С. Қазақ сенімінің бастаулары. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 5 б.
6. Күлпегін Тонькөк. Ежелгі түркі рун жазбалары. – Алматы: Өлке, 2001. – 37 б.
7. Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-ата и философия музыки казахов. – Алматы: Компьютерный издательский центр Института философии и политологии МОиН РК. – С. 42.
8. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.-Л., 2000. – С. 228.
9. Лависса Э., Рамбо А. Всеобщая история. – М., 1997. – 415 с.
10. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – 1999. – 30 б.
11. Қондыбай С. Қазақ даласы және герман тәңірлері – Казахская степь и германские боги. Толық шығармалар жинағы 2-том. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 148 б.
12. Жұмаділ А. Ш. Уәлиханов зерттеулеріндегі қазақ қарулары // <http://adyrna.kz/ma-alalar/23-batyr/361-aza-tardy-shi.html>
13. Наурызбаева З. Изначальный ислам – Тенгрианство в наследии жырау и национальная идея // <http://otuken.kz/index.php/mythzira/42-2010-06-19-07-35-07>
14. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы: Дәуір, 1996. – 46 б.
15. Ахметжанұлы Қ. Ата салтынды аяла. – Алматы, 1998. – 43-44 б.
16. Нысанбаев А., Аюпов Н., Габитов Т.Х. Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы.

**Сатершинов Б.М. (Қазақстан)**  
**Бектенова М.К. (Қазақстан)**

### **ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ АЯСЫНДАҒЫ ИСЛАМИ БІРЕГЕЙЛІК**

Ислами бірегейлікті сақтап тұру ұлттық мәдени бірегейлігі мәселесімен және жалпы мәдени мұраны сақтап қалу мәселесімен тікелей байланысты. Сөз мәдениеттегі ислами дәстүрдің сақталу жөнінде ғана емес, толығымен белгілі бір халықтың мәдениетін сақтап қалу жөнінде қозғалып отыр.

Ислами бірегейлік Қазақстанның ұлттық мәдениетінде қазақстандық ислами бірегейлік сипатында дамып келе жатыр, себебі Қазақстанның территориясында өзін исламмен сәйкестендіретін этностар: түріктер, татарлар, шешендер, ингуштар, дагестандар, күрдтер және т.б. өмір сүреді. Қазақстан халқы Ассамблеясы ислам дінін ұстанатын әртүрлі өкілдерімен ерекшеленеді, бірақ олардың исламда тарихи түрде көрініс тапқан өзіндік бір этникалық дәстүрлерінің өзгешеліктері бар.

Мәдениеттің қалыптасуы мәдени-әлеуметтік шынайылықта айқындалатын және жаңа мәдени жаңғыру жобаларын жасауға арналған бағдарламалар болып есептелетін, ұлттық мәдени кодтарын қалыптастырумен байланысты. Мәдениеттің ұлттық кодтары: рәміздер, белгілер, тілдік құрылымдар – олардың бәрі ұлттық мәдени бірегейліктің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Белгілі ғалымдар мәдениет пен бірегейлік арасындағы онтологиялық байланыс жөнінде, адамзаттың мәдени-әлеуметтік тәжірибесіндегі, халықтар, этностар, ұлттардың мәдени үдерістерінде діни бірегейлік қалыптастырудағы діни дәстүрлердің басымдығы мен егемендігі жөнінде мәселелерді көтерген.

М. Вебердің «Избранное. Образ общества», Э. Кассирердің «Избранное. Опыт о человеке», Л. Леви-Стросстің «Структурная антропология», П. Рикердің «Герменевтика и психоанализ. Религия и вера», М. Фуконың «Слова и вещи», К. Юнгтің «Человек и его символы» және т.б. еңбектеріне мәдени, ұлттық, діни бірегейлік мемлекеттің негізгі сипаты деп есептеледі. Этникалық және ұлттық бірегейлік этникалық және ұлттық мәдениет секілді бірдей болып табылмайды. Ұлттық бірегейлік ұлттық мемлекеттік құрылым мен ұлттық мәдениет аясында қалыптасады, ал этникалық бірегейлік болса, оның құраушы бөлігі болып табылады.

Ислами бірегейлік және оның ұлттық мәдениеттің мәдени-әлеуметтік, геосаяси тәжірибесінде қалыптасуы туралы мәселені көтерудегі қиыншылық келесіде жатыр: ұлттық мәдениет – ол ұлттық дәстүрмен және тілмен байланысқан белгілі бір ұлттың мәдениеті, ал ислам болса, ұлттық мәдени жүйелердің тұйықтығына, жергіліктігіне қарамайды. Исламның ұлттан тыс болуы оның бұл әлемге таралуының объективті факторына айналды. Алайда исламның әмбебаптылығы ұлттық мәдениеттің өзіндік дара, консервативті мазмұнына тап болады. Осындай жағдайда, бәлкім, ислами бірегейлікті өркениеттік бірегейлік ретінде қарастыру туралы қозғалғаны дұрыс па, себебі ислам факторы исламдық сананы қалыптастыруда және оның қоғамдағы саяси, коммуникативтік мәдени, этикалық үдерістерге ықпал етуде ерекше рөл атқарады.

Исламдық өркениетпен сәйкесетін ислам әлемі бүгінгі таңда өзінде құндылықтар дүниетанымдық парадигмалары, идеологиялық доктриналары мен ұлттық бірегейліктерді тұжырымдамалары бар ұлттық мәдени жүйелері қалыптасқан әртүрлі ұлттық мемлекеттермен сипатталады. Ұлттық бірегейлікке кіріктірілген ислами бірегейлік мәселесі, әсіресе, геосаяси бірегейліктерді деконструкциялау, отарлық тәуелділік, ұлттық бірлікке қол жеткізу және өзіндік ұлттық бірегейлікті іздеу сұрақтарына байланысты ерекше айтылуда. Осылайша, Пәкістан, Түркия, Сауд Арабиясы, Ауғаныстан, Иран, Ливия, Катар және т.б. ислам елдері өзінің ұлттық бірегейлігін



ықтауда исламның өз аймағында басым болған діни дәстүріне, сондай-ақ өзіндік мәдени дәстүріне, рухына және тіліне сүйенеді. Дәл сондай жағдай басқа да елдерде орын алуда: ұлттық мәдениеттердегі исламның үйлесуі өзіндік ұлттық дәстүрдің айқын басымдығын есепке алып, ислами дәстүрмен өркениеттік сәйкестендіру ретінде өтеді.

Қазіргі таңда ислам әлеміндегі ислами бірегейлік ұлттық мәдениеттің тарихи үдерісінде қалыптасқан, яғни ол ұлттық мемлекеттің рухани-материалды жәдігерлеріне сүйенетін ислами бірегейлік.

Араб мәдениеті жанрлар, стильдер дамуының эталоны болғанына қарамастан, ислам дәстүрі дамуының классикалық кезеңі аса ұлттандырылған жоқ. Араб тілі Халифат кеңістігінің ресми тілі болған, сондықтан да араб-мұсылман мәдениеті мен араб-мұсылман бірегейлігінің сатылап қалыптасуы орынды. Түркі әлемі, араб әлемі, африкандық, ішінара испандық әлем де қалыптандырылған болатын, исламдық дәстүр барлығын ислам әлеміне біріктіретін, бірақ бірегейлік мәні де өз ішінде ұлттық, дәстүрлі сипатын сақтап тұрды, мәселен, түркі исламы, африкалық ислам, христианялық ислам және т.б.

Халифат кеңістігінде мәдени үдерістер орын алды: ғылым, философия, өнер, сәулет өнері өз дәрежесі мен стильдеріне қарай даму үстінде болды, бірақ олардың барлығын біріктіріп тұрған мәдениетке ортақ дүниетанымдық принципі – ислами этикалық императив еді.

Ғалымдар, теологтар, сопылар – Ибн Араби, Ибн Рушд, Ибн Сина, Ибн Халдун, Ибн Хазм, Әл-Фараби және т.б. мұсылманның бірегейлігін ислам мәдениеті аясында, оның этникалық бірегейлігін есепке ала отырып анықтаған, алайда исламдық идентификацияда олар үшін ұлттық мәдениетке тәуелсіз білімділік пен қайырымдылық аса маңызды болды. «Қайырымды қала қалыптасуының көзқарастары туралы трактатты» жазған Әл-Фараби, мұсылманның бірегейлігі деп қайырымдылықты, азаматтықты (үмметке қатыстылығы), ақылдылықты және философиялық ойлауға бағытталды деп түсінген. Әл-Фарабидің пікірінше, «...Адамға екі кемелдік тән – алғашқысы және екіншісі. Ақырғысын біз осы дүниеде емес, о дүниеде, оның алдында бұл дүниедегі алғашқы кемелдік орын алған кезде ғана жетеміз. Алғашқы кемелдік – ол адам қайырымды істердің барлығын қолға жасаған жағдайда болады... адам кемелдігі іс-әрекеттерді болдыратын қасиеттерге қол жеткізуде емес, сол іс-әрекеттерді орындауда жатады» [1, 66 б.]. Ибн Халдун, мысалы, мәдениеттің өркениеттің айырмашылығы туралы, тарихи-мәдени үдерістер арқылы қалыптасатын мәдениеттер туралы алғашқы трактаттың авторы.

Халифат құлдырағаннан кейін Халифат аумағында тұрған халықтардың өзін-өзі сәйкестендіруіне ұлттық дәстүрді ислам бірегейлігіне қосу үдерістері басталды. Исламдық деп танылатын мәдениет, сондай-ақ өзіндік ұлттық дәстүрдің мәдени исламдық жобасын жаратқан әртүрлі халықтар мәдениеттерінің да мәдениеті болған.

Мәдениеттің мысалында біз тарихи тұрғыда ислам дәстүрінің түркі әлемінде, қазақ, сосын исламдық әлемінде қалайша дамығанын аңғара аламыз. Осы тарихи конгломераттың бәрінде ислам бірегейлік әмбебап, бірақ өзіндік ұлттық, мәдени мазмұны бар бірегейлік ретінде қалыптасты.

Хобсбаумның «Барлық тілдер тең ме? Тіл, мәдениет және бірегейлік» атты танымал еңбегінде былай делінген: «...бір ғана, ерекше және өзгермейтін этникалық, мәдени немесе басқа бірегейлік туралы көзқарас қауіпті жаңылысумен байланысты. Адамның менталды бірегейліктері тек бір-ақ жұбын кие алатын ботинкеміз емес... тарихи тұрғыда ұлттық біртектілігі мәдениетінде көптеген бірегейліктер жатыр» [2, 49 б.].

«Ұлттық мәдениет» ұғымының мағынасын анықтау үшін сөздіктерге жүгінейік, олардың біреуі былай:

Ұлттық мәдениет – дәстүрдің, тіл, әдет-ғұрыптар, діннің ортақтығы негізінде пайда болған рухани және материалды артефакттардың жиынтығы. Ұлттық мәдениеттің модальдылығы қазіргі әлемде ислам діни дәстүрмен байланыстырылуда. Ұлттық мәдениетте адамның өзін-өзі сәйкестендіруі (идентификация) орын алады, оның белгілі бір мәдениетпен сәйкестенуі ұлттық-мәдени мәдениет ретінде аңғарылады. Ұлттық мәдениеттің дамуы интеграциялық, модернизациялық секілді үдерістерге сай өтеді, бірақ қашан да өзінің өзіндік мәдени кодын сақтау арқылы. Қазақстан, мысалы, бізге ұлттық мәдениетті жаңғыртуға мүмкіндік туғызатын жаңғыру үдерістеріне қадам басты. Мәдениеттің үшінші жаңғырудың мағынасы ұлттық мәдени құндылықтар және әлемдік дәстүрлер арасында үйлесімділік табу болып табылады, жаңғыру үдерістерінде сондай-ақ мәдениеттің жаңғыруы да өтеді.

Ұлттық мәдениеттің негізі – ұлттық дәстүр, оған мінез-құлық нормалары, құндылықтар жүйесі, әдет-ғұрып, дәстүрлер және дін жатады, олар өз кезегінде мәдени идентификациялаудың негізін болып табылады.

Ұлттық мәдениеттерде орын алып жатқан үдерістердің динамикасын, шиеленісуін, өзгерістерін, әр алуандығын көрсетіп жатыр. Мәдениетаралық, өркениеттік өзара әрекеттестік



үдерістері ұлттық мәдениеттер мен ұлттық бірегейлікті сақтап қалу мәселесімен байланысты. Э. Хобсбаум, Э. Геллер, П. Штомпка, К. Клакхон, П. Гуревич, Р. Бенедикт секілді атақты ғалымдар мәдени контекстінде айырмашылық пен бірегейлік мәселелерімен айналыса келе, бірегейлік мәселесінің, әсіресе діни бірегейлік мәселесінің қаншалықты күрделі және көпденгейлі екенін түсінді бастады.

Ұлттық мәдени дәстүр арқылы сәйкестендіру этно-ұлттық пен діни бірегейлік дискурсіне енгізіледі. Идентификациялау кезінде қайсысы маңызды – этно-ұлттық әлде діни сезіну ме, әлде этно-ұлттық пен динидің бірлігі ме деген сауал ұлттық өзін-өзі сәйкестендіру мәселесіне әкеледі. Бүгінгі таңда болып жатқан дінаралық, этносаралық төзімділік/төзімсіздік үдерістердің өзектілігінде діни сәйкестендіру полиэтникалық сипатқа ие.

Ұлттық мәдениеттер өзінің даму барысында мәдени дәстүрді, тілді ұлттандырудың түрлерін сатысынан өтті, демек, ұлттық бірегейлікті ұлттық мәдениет бірегейлігі ретінде қалыптастыру үдерістері орын алды деген сөз. Діни дәстүрдің ұлттық мәдениетте алатын орны қандай және ондағы діни мәдениеттің қалыптасуы қалай өтеді? Бұл сұрақтар діни бірегейлікті ұлттық мәдениет саласына кіріктіру туралы мәселелер қатарына жатады. Поликонфессионалды болып табылатын және өзінің конфессияаралық келісім үлгісі бар Қазақстан бүгінде діни бірегейлікті ұлттық бірегейлік дискурсінде ашып көрсету тәжірибесін паш етуде.

Ислами бірегейлік Қазақстанның ұлттық мәдениеті аясында тұрғындардың көпшілігінің өзін-өзі сәйкестендіру маркері ретінде айқындалады, себебі, өзін мұсылманбыз деп қазақтар ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның мәдени кеңістігінде тұрып, ислам дінін ұстанатын басқа да этностардың өкілдері санайды. Басқа жағы, «ұлттық мәдениет» деп біз нені түсінеміз – қазақтардың мәдениеті ме, әлде қазақстандықтардың? Тәуелсіздік заманында Қазақстан ғалымдары ұлттық идея мен ұлттық бірегейлік мәселесін көтерген және де ұлттық бірегейлікті бір зерттеулерде азаматтық бірегейлік ретінде, біреулерінде қазақ бірегейлігі ретінде қарастырған болатын. Мәселенің дискурсивтілігі қазақ-қазақстандық, исламдық, поликонфессиялық бірегейлікті концептуалдау күрделілігімен байланысты болды. Ұлт бірлігі доктринасын жасау ортақ қазақстандық бірегейліктің алғашқы жобасына айналды, оның ішіндегі «бір ел – бір тағдыр», «тегіміз әр түрлі – мүмкіндігіміз бір», «ұлттық рухтың дамуы» секілді үш негізгі қағидалар азаматтық бірегейліктің қалыптасуы мен дамуын анықтады. Азаматтық бірегейліктегі ислами мазмұнның үлесі қандай? Мұндай сұрақтар қоғамның бірігуі туралы сөз қозғалғанда өте орынды. Соңғы он жылдықтарда өркениеттер, діни дәстүрлердің текетірестері және т.б. мәселелер бойынша біржақты, немқұрайлы-абстрактілі зерттеулерді өршітетін исламофобтық көңіл-күйлер туындауда. Қазақстандық ғалымдар қазіргі таңдағы діни ахуалға, діни конверсияға, діни сананы бақылауға байланысты өзекті мәселелерді қарастыруда, себебі ұлттық қауіпсіздік үшін трансшекаралық терроризм мәселесін шешу негізгі максаттардың біріне айналууда.

Ислами бірегейлік және оның радикалды деструктивті ағымдардың таралуы жағдайындағы сақталуы мәселесін қою өте өзекті. Ислам әлемінде ислами бірегейлікті сақтап қалу туралы мұсылман үлемдері мен теологтары исламдану тек ислам мемлекеттерінде ғана емес, бүкіл әлемде қарқынды бет алуына қарамастан көп жазуда. Мысалға, ислам мәселелері саласындағы Ресейдегі танымал сарапшысы А. Малашенконың ойынша, «...исламдану ислам әлемінде әмбебап сипатқа ие бола бастады, яғни мінез-құлықтың, ойлаудың, сананың исламдануы орын алады. Қоғам үшін исламистік радикалданудың үрдісі өте қауіпті, оның әртүрлі сатылары бар: бірқалыпты – іргерілеместік, исламдандыруға бағытталған, ол Батыс әлемімен коммуникативті қарым-қатынасты ұстай алатын бірқалыпты-радикалды – исламистік идеологияны ілгерілетудің белсенді үдерістеріне тартатын радикалды – билікті дінде болмағаны үшін құлатуға, басқа діндерге және сол діндердің ұстанатындарға қарсы агрессиялар мен фобияларға шақыратын; экстремистік – терроризмге ұағыздайтын идеология мен оның үлгілері негізінде ислам мемлекетін орнатуға талпынатын» [3].

Батыс әлемінің танымал ислам ғалымы – Тарық Рамаданның ойынша, Еуропа елдерінде бірегейліктің жаңа саясаты қажет: «Батыстағы қазіргі үрей тұрғысы бірегейлік саясатының жоқтығымен негізделген. Сіз өзіңізді өзіңіз сәйкестендіруде дағдарысқа ұшыраған жағдайда, сіз бірегейлігіңізді белгілі бір нәрсеге дейін қысқартуға тырысасыз. Сіз тек бейбіт, үйлесімді жағдайында ғана, өзіңіздің көптеген бірегейліктеріңіздің бар екенін түсіне аласыз. Біз үрей сезінетін әлемде бірегейлігімізді ең аз шамаға дейін қысқартатынымыз қалыпты жағдай болып табылады. Бұл «біз оларға қарсымыз» деп екі жаққа бөлінудің себебіне айналады. Бірақ сіз өзіңіздің көптеген бірегейліктеріңіздің бар екенін түсінетін болсаңыз, олардың бір-біріне қабатталатынын байқайсыз. Сіз барлығымызда ортақ нәрселердің көп екендігін түсінесіз, ол бейбітшіліктің кепілі. Алайда, оның бәрін ұғыну үшін әрекет пен білім қажет» [4].

Азаматтық бірегейлігі құрылымындағы ислами бірегейлік маңызды бөлігі болып табылатын себебі ол поликонфессиялық қазақстандық қоғамның рухани-өнегелік, діни дәстүрлерімен байланыстырады. Егер тәуелсіздіктің қалыптасуы кезеңінде қазақстандық бірегейлік тек секулярлы



бірегейлік ретінде қалыптасып келсе, бүгінде діни құраушы маңызды біреуі ретінде анықталады, бірақ қоғамға қажет рухани келісімді сол қалыптастырады.

Тәуелсіздікті алуға байланысты қазақстандық бірегейлікті анықтау ұлтшылдық көңіл-күйлерден тыс етті, оған еліміздің ішкі саяси бағытымен қоса қазақстандық қоғамның бірлігі де қолқанат болды.

Қазақстандағы ислами бірегейлік дәстүрлі, азаматтық бірегейлікке кіріктірілген болып табылады. Бұл дәл осы тұрғыда ұстап тұру қажеттілігі қазақстандық қоғамды біріктіру, ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру, өзіндік мәдени кодты, діни дәстүрді сақтап қалу мәселесімен байланысты, әсіресе Қазақстан үшін жат, тек қана исламдық бірегейлікті ғана емес, жалпы, ұлттық бірегейлікті да қолдауға тырысатын әртүрлі дәстүрлі емес діни ағымдардың жаһандық өктемдігі жағдайында маңыздылығы артады.

Сонымен басқа, бүгінде шынайылыққа ұласып жатқан исламдық сананың радикалдануы үдерістері өзінше сатыларда (әлеуметтік, тұлғалық) өтеді және осы қағидаттарға сәйкес бірегейлік те қоғамның бірегейлігі және тұлғаның бірегейлігі ретінде құралады. Қоғамда ислами бірегейлік үммет арқылы қалыптасады, ал тұлғалық тип ретінде тұлға арқылы: өзін мұсылман ретінде ұғыну, бірақ белгілі бір мәдениеттерге сәйкес (исламға келу, сенім тереңдігі, сенімді психо-тұлғалық өлшеу және т.с.с.).

Ислами, бірегейлікті бөлек мәселе етіп шығару, сондай-ақ, жастардың әлеуметтенуімен байланысты. Қазақстандық қоғамның діндарлық / дінсіздік мәселесін әлеуметтік тұрғыда бақылаудың маңыздылығы соңғы 10 жылда жастар ортасында исламға деген қызығушылықтың ондаған есеге артауынан көрсетеді. Және де жақын арадағы жылдарда діндарлық әлеуметтік, рухани-білім беру және мәдени факторларға қарай өсе береді. Егер 30 жыл бұрын дінге деген қызығушылықты ғалымдар тек мәдениеттану, психологиялық, шекаралық, тұлғалық-күйзелістік және т.б. проблемалармен түсіндіріп келсе, бүгінгі таңда жастар ортасында діни тәжірибеге жүгіну алуан мәселелерге байланысты. Бірақ біздің жағдайымызда жастардың «исламдануында», айқын көрініс табуда. Осыған орай, ислами бірегейліктің әлеуметтенуі қажет, өйткені, қоғамымызда тамырланып кеткен исламдық дәстүрдің «ұдайы жаңғыруы» осыған байланысты. Бұл ислами бірегейлік радикалды және қалыптасқан ислами бірегейліктерге қарсы тұрудағы басты негіз бола алады.

Қорыта келгенде, ислами бірегейлікті ұлттық мәдениет аясында қалыптастырудың маңыздылығы осы уақытқа дейін қазақстандық қоғамда қалыптасып келген ислам мәдениеті мен исламдық мәдениеттің басқа діндермен, басқа мәдениеттермен өзара байланысы үшін қажет диалогтық әлеуетімен Қазақстандық қоғамның діни бірегейліктерінің қатарында ислами бірегейлік үстем болып келеді, бірақ ол тарихи тұрғыда қазақстандық мәдениеттің үйлесімді компонентіне айналған және ол профессионалдық коммуникацияны да қалыптастыруға ат салысады.

Қазіргі таңда ислам қазақстандықтарды идентификациялаудың маңызды факторы болып табылады. Сонымен қатар, қазақстандағы ислами бірегейлік өзінде түркі компоненттерін біріктірген бірақ, қазақ мәдениетінің айқын контекстелерін сақтауда.

#### Әдебиеттер:

1. Наследие аль-Фараби и формирование нового интегрального мировоззрения / под общ. ред. З.К. Шаукуеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 323 с.
2. Хобсбаум Э. Все ли языки равны? Язык. Культура и идентичность // Логос. – 2005. – №4 (49). – С. 49-59.
3. Алексей Малашенко. Ислам и Запад: конфликт идентичностей // Harvard Business Review // hbr – russia.ru/biznes – ekonomika/a15408/02/03/2015. 23.06.2017.
4. Рамадан Т. Добро пожаловать в мир сплошных жертв // islamreview.ru/est-mnenie/tarik-ramadan-dobro-pozalovat-v-mir-sploshnykh-zertv. 23.06.2017.

Бекбосынова Ж.Б. (Казахстан)

## РЕЛИГИЯ И МЫ

Религия всегда выступала и выступает мощной духовной силой, объединяющей народы, поэтому любая религия призывает к любви, добру и милосердию. Мировые религии не получили широкого распространения и огромного количества приверженцев, если бы они призывали к жестокости.

После обретения независимости на всем постсоветском пространстве наблюдается оживление религиозного сознания, возрастание интереса к религии не только как к вере, но и как к выразителю человеческого духа, культуры, традиций народа, его истории. В связи с демократизацией общественной-политической жизни страны появилась возможность открыто исповедовать каждому человеку религию. На законной основе стали действовать религиозные объединения, строиться мечети.

Первым толчком к распространению ислама в Казахстане стала Таласская битва 751-го года, при которой турки Тюркешского каганата, объединившись с войсками Аббасидского халифата, одержали